7 – ДӘРІС

ҒЫЛЫМИ ТАНЫМДАҒЫ АҚИҚАТ МӘСЕЛЕСІ

МАҚСАТЫ

Ғылыми танымдағы ақиқат мәселесін талдап, қалыптасуы мен дамуын, зерттеу обьектілерін, жан-жақты ғылым философиясы тұрысынан, қарастырып жалпы ортақ түсінік беру.

ЖОСПАР

1. Ғылыми танымда ақиқат сөзінің мағынасы және теориялық негізі.
2. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат аспектілері.
3. Ақиқат мәселесінң философияда қолданылуы.

ҒЫЛЫМИ ТАНЫМДАҒЫ АҚИҚАТ МӘСЕЛЕСІ

АҚИҚАТ

Ақиқат дегеніміз - танымның негізгі мақсаты. Өйткені таным процесіндегі субъектінің белсенділігіне байланысты қалыптасқан жаңа білім зерттеліп отырған объектіге сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі мүмкін.



Ақиқат дегеніміз не?

Аристотель өзінің «Метафизикасында» ақиқатты бізді қоршаған дүниедегі заттармен құбылыстардың адам санасында бейнеленуі деп түсінді.

ҒЫЛЫМИ АҚИҚАТТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ



Аристотель «үзілгенді үзілген деп, байланыстыны байланысты деп айтатын шындыққа жетеді».



Орта ғасырларда, **Фома Аквинский** «ақиқат дегеніміз интеллект пен заттың арасындағы келісіммен айқындалады».



Декарт «ақиқат- өзінің мән-мағынасында ойдың затқа үйлесімділігі». Бұл пікірді материалистер де, идеалистер де; диалектиктер мен метафизиктер де; теологтар мен атеистер де келісті.

АҚИҚАТТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІДЕРІ

Ақиқат теориясы мынадай қағидаларға сүйенеді:



- 1) ақиқат — әлеуметтік процесс;
- 2) объективті ақиқатты мойындау – абъсолютті ақиқатты мойындау деген сөз;
- 3) ақиқат барлық жағдайда нақты;
- 4) практика – ақиқаттың жалпы өлшемі;
- 5) ақиқатты тану – қайшылықты, күрделі диалектикалық процесс.



ҒЫЛЫМИ АҚИҚАТТЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Ақиқат объективті шындық. Бұл адам мен адамзатқа тәуелді емес білімнің мазмұны.

Абсолютті ақиқат, ол табиғаттың, адамның және қоғамның толыққанды, сенімді білім және оған ешқашан күмән келтіруге болмайды.

Ол өзінің толық емес екендігі көрсетеді, ертелі кеш бұдан әрі дәлелдеуді кажет ететін білімдерді айтады, оған салыстырмалы ақиқатты жатқызады.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АҚИҚАТ ТҮСІНУДІҢ КОРРЕСПОНДЕНТІК ТЕОРИЯСЫ

1. • Ақиқатты түсіну объективті және субъективті шындықың бар екенін мойындауды білдіреді;
2. • Ақиқат таным объектісімен, субъектісімен және оның практикалық әрекетімен байланысты білдіреді;
3. • Ақиқат нақты болып табылады, оның мазмұны танымның нәтижелеріне баға берілетін нақты орынмен, және уақытпен себептес;
4. • Ақиқат шексіз процесс болып табылады, онда білмеуден білімге, толық емес білімнен толық білімге өту болып жатады.

ҒЫЛЫМ ТАНЫМДАҒЫ АБСОЛЮТТІ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚИҚАТ

Абсолютті және салыстырмалы ақиқат – ежелгі және қазіргі заманғы философиядағы ақиқат тұжырымдамасы, ол ойлаудың ең маңызды сипаты болып табылады және таным-түсініктеріміздің даму үрдісін бейнелейді.

БІЗДІҢ БІЛІМДЕРІМІЗДІҢ ТОЛЫҚ БОЛМАУЫ, ШЕКТЕУЛІЛІГІ НЕМЕН АНЫҚТАЛАДЫ?

Кез-келген шындық салыстырмалы және абсолютті болуы мүмкін. Салыстырмалы ақиқат деп шындыққа жақын толық емес және содан кейін толықтырылатын танымды айтады. Салыстырмалы ақиқат тану барысында бірін-бірі алмастырып, жойып абсолютті ақиқатқа ұмтылады.



АҚИҚАТ ОБЪЕКТІСІ МЕН СУБЪЕКТІСІ

Әрбір ақиқат өзінің формасы жағынан субъективті: ол субъектінің әрекетінің нәтижесі және субъектіден тыс өмір сүрмейді. Ол тұлғаның “ізін” сақтайды, өйткені ол өзінін әлеуметтік-тарихи тәжірибесіне сүйенеді. Ал, мазмұны жағынан ақиқат объективті: адам санасынан тыс, одан тәуелсіз тұрған объектіні адам санасында бейнеленуі.

Ақиқаттың классикалық концепциясы бойынша – объект туралы білімнің мазмұны объекттің өзіне сәйкес.



Қазіргі заманның ең танымал философиялық ғылыми ақиқаты – диалектикалық материализмнің негізінде жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ақиқат ол тұрып қалған жүйе емес, ол үнемі ескірмейтін мәңгілік тақырып. Ақиқат – адамның ақыл-ойындағы шындықтың шынайы көрінісі болып табылыды. 2. Ақиқат жалғыз болғанымен, бірақ онда объективті, абсолюттік және салыстырмалы аспектілер бөлінеді, оларды да салыстырмалы тәуелсіз шындық деп санауға болады. 3. Біздің өміріміздегі барлық нәрселерді шындыққа немесе қателіктерге қарай бағалау мүмкін емес. Сол себепті кез-келген адам өзінің дүниедегі орнын айқындау үшін ақиқатты тану үшін ізденіп, білімін әрдайым толықтырып отыруы тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Степин В.С. История и философия науки: Учебник. М.,2011
2. Гришунин С.И.Философия науки. Основные концепции и проблемы.М., 2009
3. Ж. А. Алтаев, Н.Ж. Байтенова т.б. Ғылым тарихы мен философиясы А., 2009 ж.
4. История и философия науки: учебное пособие для аспирантов. М.,2013
5. Микешина, Л.А. Философия науки: Современная эпистемология. Научное знание в динамике культуры.Методология научного исследования.М., 2005.
6. Томас Кун. Структура научных революций. М.: Изд.АКТ, 2007

ИНТЕРНЕТ – РЕСУРСТАРЫ

1. https://melimde.com/filim-tarih-men-filosofiyasi-peni-bojinsha-derister.html?page=26
2. https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/27599/
3. https://bilim-all.kz/article/14938-Gylymi-tanymdagy-aqiqat-maselesi